

1)	«Түсінісу мен кешіруді үйренеміз»	«Кешірім» «Өзара түсіністік» адамгешілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту	Жүрекшелер, суреттер.
1)	«Жақсылыққа- жақсылық»	Өзара достық, жақсылық ұғымдары туралы түсінік беру	Бейне фильмдер, суреттер.
1	« Мен елімнің кішкентай азаматымын»	Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Рәміздердің суреттері
2	«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»	Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу.	Отбасы суреттері, «Әке мен бала» тақырыбына байланысты суреттер.
3	«Бәрі де татулықтан басталады»	Отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту. Отбасындағы татулық туралы түсінік беру. Отбасындағы өзара сыйластық, өзара түсіністіктерінің қалыптасуына ықпал ету. Туған, өскен үйде тату болуға тәрбиелеу.	Отбасы суреттері
4	«Тыйым сөздер»	Балаларға нан, бидай туралы білім беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Нан, түрлі тиым сөздер.
5	«Малдың баласын сүюі» (еркелетіп айту сөздерін жаттату)	Тәрбиешінің көмегімен үй жануарлар туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботақандар, құлыншақ, құлыншақтар т.б.) Сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	Үй жануарларының төлдерімен суреттер. Үй жануарларының төлдерімен суреттері, оларды төлдерімен сәйкестендіру
6	«Отбасындағы қуаныш»	Отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.	Отбасылық суреттер

		дамыту.Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	
21	«Лақ, бұзау, қозы, бота»	Балабақшада кездесетін ойыншық түрлерімен таныстыру, оларды күтіп ұстауға баулу. Үй жануарларының төлдерімен таныстыру.	Үй жануарларының төлдерінің суреттері.
22	«Мен қандай баламын»	Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру.	Жүрекшелер
23	«Достық көпірі». (Құрылыс материалдардан)	Көпірлердің қажеттілігін, олардың құрылысы, атауы, бөлшектері туралы білімін қалыптастыру: үлгіні анықтап қарау, бөлшектерін айыру, оларды атауын үйрету: құрылысты тұрақты болып істеу, «қысқа-ұзын» ұғымдарды айыру және оларды сөйлесуде пайдалану.	Көпірге қажетті құралдар.
24	«Қонақ келсе қуаныш»	Қонақ, қонақжайлылық туралы түсінік беру; жағымды қарым-қатынас дағдылапын дамыту; әдептілікке тәрбиелеу.	Суреттер.
25	«Менің үйдегі достарым»	Балаларға достық ұғымын түсіндіре отырып, жалпыадамзаттық Дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.Балаларға қамқорлық жасаудың мәнін ұғындыру,. Балалардың достық қасиеттерін дамыту. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу.	Жүрекше, суреттер.
26	«Сәлемдесе білемін»	Балаларға сәлемдесу,амандасу туралы түсінік беру. Балаларды сәлемдесе білуге үйрету. Балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу.	Түрлі суреттер.
27	«Туыстар, ағайындар»	«Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туысқан, туыс ұғымы жайлы түсінік беру. Туыстарға деген сыйластыққа тәрбиелеу.	Отбасылық суреттер
28	«Мен көмекшімін»	«Көмек, көмектесу» адамгершілік ұғымдарының мәнін ашу.	Түрлі суреттер

		ояту.	сандықшалар.
14	«Ою – өрнектері құрастыру»	Балаларға мағыналы ою элементтерінен әдемі өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділіктеріне қарай отырып, пішініне, көлеміне және жазықтықта орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру. Ою-өрнекті құрастыру арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Эстетикалық тәрбие беру.	Ою өрнектер, үлгі суреттер.
15	«Тостаған және ожау»	Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.	Тостаған, тостағанның суреттері, қорапшалар, сынған тостаған
16	«Менің есімім»	Әрбір балаланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру. Қазақы әдемі есімдермен таныстырып, мағаналарын түсіндіріп өту.	Қазақ киімдегі қуыршақтар.
17	«Төлдер айтысы»(ертегі)	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту Төрт түлік мал төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету. Төлдерге қамқорлық пен қарауға тәрбиелеу.	Үй жануарлары және төлдер суреті, ұнтаспа, дидактикалық ойын суреттері, атрибуттар, ертегі кейіпкерлері т.б
18	«Әдепті және әдепсіз қылықтарды талдау» (Сурет бойынша әңгімелеу)	Балаларды адамдардың арасындағы қарым-қатынас нормалары және қоғамдық жүріс-тұрыс ережелерімен танысуды жалғастыру, сыпайлықтың қарапайым әдеттерін тәрбиелеу.	Әдептілік және әдепсіздік бейнеленген суреттер
19	«Тіл-қазақ қазынасы»	Балаларды туған ана тіліміздің қасиетін, қадірін ардақтай білуге үйрету. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.	Суреттер, слайд
20	«Туған күн»	Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. Туған күн қуанышы туралы түсінік беру. Өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін	Жақсы тілек, жақсы сөз, туған күн

7	«Жаңылтпаш жаттау»	Балаларға жаңылтпаш жаттату, тіл байлығын, ой - өрісін дамыту, қазақы салт –дәстүрлерді сақтап, халық ауыз әдебиетін үнемі дәріптей білуге тәрбиелеу.	Жаңылтпаштар
8	«Тұмар»	Балардың тұмар туралы түсініктерін кеңейте отырып, пішнімен таныстыру. Дайын пішінді қағаз бетіне жапсыру. Балалардың қазақ халқының наным сенімдері туралы түсінік қалыптастыру.	Дайын үлестірмелі материялар.
9	«Адам болам десеңіз»	«Адамгершілік» «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға баулу; Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу;	Адамгершілікке, әдептілікке байланысты түрлі суреттер, өсиет — нақылдар
10	«Түскиіз»	Балаларға екі бүктелген парақтан күрделі емес ұлттық ою-өрнектерді симметриялы киюды үйрету;балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру;шыдамдылықпен, ұқыптылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру.	Киіздің суреттері, суреттер, ақ қағаз.
11	«Ақ әже»	Әже - баланың әкесінің, сондай-ақ, анасының шешесін атайтын, туыстық қатынасты білдіретін атау екендігін түсіндіру. Өлеңді қайталай отырып әжеге деген сыйластықтарын қалыптастыру.	Обасы бейнеленген суреттер.
12	«Мен осындай адаммын»	Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру. Адамның жақсы қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.	дәптер, хрестоматия, ойыншық жүрекше.
13	«Торсық»	Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыра білуді үйрету, түстерді ажырата білуді, заттарды көлеміне қарай салыстыруды үйретуді жалғастыру, ұлттық ыдыс – торсыққа деген қызығушылықтарын	Магнитті тақта, әр түрлі жолақшалар,әр түсті әшекейленген торсықтар, көлемі әртүрлі алты түсті

Р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар, көрнекіліктер
1	«Менің туыстарым»	«Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынасын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	үнтаспа, дәптер, хрестоматия, суреттер, ойыншық жүрекше.
2	«Әлди-әлди»	Балаларды қазақтың салт- дәстүрімен, әдет-ғұрпымен таныстыру. Ата-анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізе білуге үйрету.	Бесік, бесік жабдықтары, қуыршақ
3	«Әдептілік сөздері»	«Әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту; Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға баулу; Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу;	Адамгершілікке, әдептілікке байланысты түрлі суреттер, өсиет — нақылдар
4	«Қуыршақтар»	Балалармен өздерінің ойыншықтары, қуыршақтары туралы әңгімелесе отырып, балаларды әдептілікке, тазалыққа үйрету. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Баллардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту.	Қуыршақтардың, ойыншықтардың суреттері
5	«Ұлттық киімдер»	Киімдер туралы әңгімелей білуге үйрету. Киімдер туралы, балалардың жас шамасына сай түсініктерін кеңейту. Әңгімелеу барысында сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту. Өз ұлтының киімін, салт-дәстүрін құрметтей білуге тәрбиелеу.	Киімдер бейнеленген суреттер ұлттық киімдер.
6	«Қазақтың ою – өрнектері»	Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементтерімен әшекейлей білуге үйрету. Ою-өрнектер туралы түсініктерін дамыту. Кілемшені «Қой ізі» және «ирексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету. Бояуды дұрыс пайдалана білуге, әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	сурет дәптері, бояулар, қылқалам, картоптан жасалған сұлба.

Түсінік хат

«Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн».
Н.Ә.Назарбаев.

Өркениетті аяқ басатын әр бір қоғамның алға қойған негізгі мақсат- міндеттерінің ең негізгісі – мемлекеттің ұлттық келешегін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек ету .Ал келешегімізді жас ұрпақсыз елестету мүмкін емес .Жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісі балабақшадан басталатыны бүгінде баршаға аян .Осы бағытта қанатымен су сепкен қарлығаштай ,бала тәрбиесімен өзінің саналы ғұмырын сабақтастырып жүрген тағылымы мол тәрбиешілерде баршылық. Тәрбиеші: - мектепке дейінгі білім мекемесіндегі бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға .

«Адамның бір қызығы – бала деген»,- деп Абай атамыз айтқандай,бала – адамның да ,өмірдің де қызығы.Бала-өмірдің жалғасы,халықтың мұрагері.

Еңселі егеменді еліміздің қуатты тұтқасын,яғни,саналы да білімді болашағын қалыптастыру әрбір педагогтың мерейлі міндеті,парасатты парызы.Еліміздің болашағы-жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы,ата-ана тәрбиесі болса,екінші бесік-білім беру мекемесі.

Халқымыздың даналығында «Баланы -жастан» деген сөз бар.

Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек,ата-бабадан келе жатқан дәстүрді өзіміз түпкілікті түсініп,балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсен,бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болар еді.

Тәрбие – баланың сәбилік шағынан бесік жырымен біртіндеп іске асырылып санасына орнығып отыратын ұзақ үрдіс.

Сондықтан болашақ иелері бүгінгі балабақша тәрбиеленушілері екенін естен шығармай,олардың бойларына ең алдымен адами құндылықтарды сіңіруге еңбектену –біздің ,яғни мектепке дейінгі мекемелердегі педагогтардың ортақ міндеті.

"Біз әдепті баламыз!" вариативтік компоненттің мақсаты: Балаларға отбасындағы сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы сыйластыққа, ата – анаға, үлкенге деген құрметке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:Балаларға отбасындағы сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейеді, отбасындағы сыйластыққа, ата – анаға, үлкенге деген құрметке тәрбиеленеді.Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;

"Біз әдепті баламыз!" вариативтік компонент аптасына 1 рет, жылына 36 сағат

